

6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Айтмағанбет Перизаттың «Мұнай-газ өндіруші аймақ тұрғындары денсаулығы қалыптасуының медициналық-әлеуметтік аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал ретінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін белгілеу қажет)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің мақсаттық қаржыландырылуы бойынша жүзеге асырылған «Қазақстан Республикасының экологиялық қолайсыз аймақтарының экологиялық жүктемесін азайтудың, медициналық қамтамасыз етудің, халықты әлеуметтік қорғаудың және сауықтырудың ғылыми-әдіснамалық негіздерін әзірлеу» (мемлекеттік тіркеу номері 0117РК00026) ғылыми-техникалық бағдарламасы негізінде жүргізілген.</p>

		ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған .	Айтмағанбет Перизаттың Жаңажол мұнай - газ кешені аймағы тұрғындарының әлеуметтік және денсаулықтарының қалыптасуын жағдайының бағалау, тұрғындардың өмір сапасына анықтау, мұнай, газ өндірісі мен өңдеудің қоршаған ортаға әсерін, атмосфералық ауадағы химиялық заттардың және өмір сапасының тұрғындар денсаулығының қалыптасуына әсерін анықтау қоғамдық денсаулық сақтау және гигиена ғылымы үшін елеулі үлесін қосады. Ғылыми ізденуші зерттеу жұмысының мақсаттары мен міндеттерін орындауда ретроспективті және бір сәтті көлденеңді зерттеу дизайндары қолдану арқылы зерттеу жұмысының маңыздылығын ашқан.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері материал жинақтау, оларды өңдеу, зерттеу материалдарын сараптау, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, статистикалық талдау және тұрғындарға әлеуметтік сауалнама жүргізу және өмір сапасын анықтауды, атмосфералық ауадан сынама алуды докторанттың жеке өзімен жүзеге асырылған. Диссертациялық жұмыстың құрылымы логикалық байланыс тапқан, жүйелі жазылған.

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Ақтөбе облысы елімізде атмосфералық ауаның ластануы бойынша төртінші орында. Облыста өндірістің негізгі бағыттары тау - металлургия, химиялық және мұнай-газ. Аймақтық өндірістік саланың қарқынды дамуы және индустрияландыру жағдайында экологиялық бұзылулар мен қоршаған ортаның деградациясы елеулі сипатқа ие, әлеуметтік - экономикалық және экологиялық ортаның үйлесімді дамуына жәрдемдесу, шешілуі қажет өзекті мәселе ғана емес, сонымен қатар тұрақты даму жолындағы маңызды қадам болып табылады. Тұрғындар денсаулығының қалыптасуына әсер етуші аспектілерді қарастыруда, денсаулық пен өмір сапасының өзін-өзі бағалауы үшін әлеуметтік-экономикалық және психологиялық, экологиялық детерминанттар бір мезгілде зерттелуі қажет. Бұл аспектілерді зерттеу әр аймақ тұрғындарының өмір сүру ортасы мен территориялық ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілуі маңызды. Осыған сәйкес Айтмағанбет Перизаттың диссертациялық жұмыс тақырыбының өзекті және зерттеу мәліметтерінің ғылыми тұрғыда талдану маңыздылығы жоғары.</p>
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын айқындайды және мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді.

	<p>1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді және зерттеу жұмысының міндеттері тақырып пен мақсаттың маңыздылығын ашқан.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы, мақсаты мен міндеттері, әдеби шолу, зерттеу материалдары, зерттеу нәтижелері, қорытынды және тұжырымдар мен тәжірибелік ұсыныстар арасында логикалық өзара байланыс бар. Зерттеу жұмысының міндеттерін орындауда өзара үйлесімділік сақтай отырып, бөлімдерді логикалық байланыстырып, біртұтас ғылыми туынды жасақтаған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Автордың өзіндік жүргізген зерттеу жұмысы мен отандық және шет елдік әдебиеттер негізінде сыни талдау барысында зерттеу жұмыстарының нәтижелері мен қорытындылары алынған.</p>

5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автор диссертациялық ғылыми жұмысының міндеттерін орындау барысында Жаңажол мұнай - газ кешені аймағындағы тұрғындардың әлеуметтік - экономикалық жағдайын және өмір сапасын анықтау және оның тұрғындар денсаулығына әсерін статистикалық байланыстар арқылы дәлелді шешімдерді алғаш рет ұсынған, яғни бұл бағыт бойынша алынған нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Қоршаған ортаның атмосфералық ауасына гигиеналық баға беруді және оның тұрғындар денсаулығына әсерін анықтауды, бұрыннан жүргізілген зерттеу жұмыстарының шешімдерімен салыстырып қарастырған, яғни абсолютті жаңалық болып табылмайды, яғни бұл бағыт бойынша алынған нәтижелер мен қағидаттар жартылай жаңа. Ережелер нақты мәліметтермен қайта қарастырылып, ғылыми негіздеген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстағы ғылыми негізделген нәтижелер мен тұжырымдамалар жеткілікті дәрежеде ғылыми жаңалыққа ие (75%).</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Автордың зерттеу жұмысындағы алынған нәтижелеріне сүйеніп жасалған қорытындылары жеткілікті дәрежеде жаңа (75%), 5.1. тармағында көрсетілген.</p>

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстағы автордың басқару шешімдерін қолдануы жаңа және негізделген болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Алынған зерттеу нәтижелері мен қорытындылары жинақталған зерттеу материалдарына, зерттеу әдістеріне, мәліметтердің статистикалық өңдеуіне және жоғары сапалы зерттеулер мен жүйелі шолулар жасауға мүмкіндік беретін отандық, шет елдік ғылыми әдеби көздерден тұратын ғылыми тұрғыда ауқымды дәлелдемелерге негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиальды ма? 1) ия;	Автор диссертациялық жұмысында үш негізгі қағидаттарды ұсынған. Ұсынылған қағидаттар зерттеу нәтижесіне сүйеніп жасақталған, статистикалық талдаулармен дәлелденген, тривиальды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең. Айтмағанбет Перизаттың диссертациялық жұмысында ұсынылған негізгі қағидаттары бойынша келесідей жарияланымдар жасалған: Scopus ғылыми ақпараттық базасында

		<p>2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>– 1 (Journal of Environmental Management and Tourism, https://doi.org/10.14505/jemt, SJR 0.296); ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетімен ұсынылған басылымдарда – 3 мақала; «Мұнай-газ өндіруші аймақ тұрғындарының денсаулығын бағалау (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал ретінде)» әдістемелік нұсқамасы ISBN 978-601-7650-25-4 / АЕҚ «М.Оспанов атындағы БҚМУ» Академиялық кеңесінде бекітілген, №7 16.06.2021ж.; Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларында тезистер – 6.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыста зерттеу әдістемесін таңдау, қойылған мақсат пен міндеттерге қатысты негізделген және барлық зерттеу әдістері түсінікті дәрежеде кесте, суретпен ұсынылған. Зерттеу дизайны дұрыс таңдалған. Нәтижелерді статистикалық талдау нақты формулалармен көрсетіліп, әдебиеттерге сілтеме жасалған. Ескеретін жағдай: зерттеу жұмысына алынған сауалнамаларды зерттеу әдістемесінде емес, соңында қосымша ретінде тіркеу және қолданылған статистикалық формуланы сурет ретінде ұсынбау, формуланы жазу немесе сілтеме қалдырылса жеткілікті.</p> <p>Жүргізілген зерттеу жұмысы М.Оспанов атындағы БҚМУ - нің жергілікті этикалық комитеттің оң пікірімен мақұлданған.</p>

8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:

- 1) ия;
- 2) жоқ

8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):

- 1) ия;
- 2) жоқ

Диссертациялық зерттеу жұмысы бойынша жинақталған материалдарға докторант статистикалық база жасақтаған. Статистикалық талдаудың бірінші кезеңінде жинақталған материалдарға ақпараттық - аналитикалық сараптама жасалған, екінші кезеңінде жасақталған статистикалық базаға Statistica 10 (StatSoft Inc., АҚШ) бағдарламаларының көмегімен статистикалық талдау жасалып, интерпретациясы ұсынылған.

Зерттеу жұмысында ұсынылған теориялық қорытындылар докторант жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесімен байланысты және зерттеулермен дәлелденген: 2017-2021 жылдар аралығындағы 12 статистикалық формасына, тиісті мекемелерден 2017-2021 жылдар аралығындағы атмосфералық ауа құрамындағы химиялық элементтер сынамасы мен тастандылардың нәтижелеріне, экономикалық жағдайлары бойынша жергілікті басқарма аппараттарының мәліметтеріне ретроспективті талдаулар жүргізілсе; тереңдетілген медициналық тексеріс нәтижесі тіркелген пациенттің амбулаториялық статистикалық картасы 025/у талдау; тұрғындардың әлеуметтік – экономикалық жағдайын және өмір сапасын анықтау сауалнамасын жүргізу; атмосфералық ауасындағы химиялық заттарды ГАНК-04

			аспабымен өлшеу арқылы бір сәттік көлденеңді зерттеу жүргізілген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыста көрсетілген ғылыми мәлімдемелердің басым бөлігіне сенімді ғылыми әдеби көздерге сілтеме жасалған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертацияны жазу барысында 189 ғылыми әдеби көздер қолданылған, оның ішінде 156 шет елдік әдебиеттен алынған. Қолданылған ғылыми зерттеулер мен әдебиет көздерінің басым бөлігі соңғы 10 жылдықты қамтиды және зерттеу жұмысы үшін жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының теориялық маңыздылығы жоғары, зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында қоғамдық денсаулық сақтау мамандарын, эколог мамандарын, клиникалық медицина мамандарын дайындаудың барлық деңгейінде және жоғарғы оқу орындарынан кейінгі білім беру жүйесінде қолданылуы мүмкін.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді салаларына сәйкес тәжірибеде қолданысқа енгізілген. Зерттеу нәтижесінде зерттелуші аймақтағы тұрғындардың әлеуметтік - экономикалық жағдайларының бағалану нәтижесі, денсаулық жағдайына баға беру объективті мәліметтері

			<p>жергілікті басқару жүйесін жүзеге асыруда стратегиялық жоспарды игеруде кілттік негіз болса, жалпы барлық міндеттер бойынша алынған объективті көрсеткіштер тұрғындар денсаулығын қорғау және жақсарту жөніндегі санитариялық-гигиеналық және медициналық-профилактикалық іс-шаралар жүйесін жасақтауға мүмкіндік береді.</p>
		<p>9.3 Тәжірибе бойынша ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Автор алынған зерттеу нәтижесіне сүйене отырып, 75% жаңа тәжірибелік ұсыныстар жасалған, 5.1. тармағында көрсетіп өткендей қалғанының (25%) қайталануы заңдылық. Ескеретін жағдай: зерттеу нәтижелерін талқылау барысында экологиялық аймақтарда медициналық көмек көрсетуді қайта қарастыра отырып, эколог - клиницист мамандарын дайындауды ұсынған, бірақ тәжірибелік ұсыныстарға енгізілмеген.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс классикалық типте кіріспеден, әдебиеттік шолудан, зерттеудің материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері, қорытынды, тұжырым, тәжірибелік ұсыныстардан және қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жазу стилі ғылыми және түсінікті.</p> <p>Авторға келесідей сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тақырыбыңыз бен мақсатыңыздағы “аспект” сөзін қалай түсіндіресіз?

			<ul style="list-style-type: none">- Еліміз бойынша Ақтөбе облысы экологиялық қолайсыз аймаққа жатады, зерттеу жұмысыңызда негізгі аймақ секілді таза аймақты да Ақтөбе облысынан алуыңыз қаншалықты дұрыс деп ойлайсыз?- «Journal of Environmental Management and Tourism» шыққан мақалаңыз бен диссертациялық жұмысыңыздағы таңдау саны екі түрлі, неліктен? <p>Авторға келесідей ұсыныстар:</p> <ul style="list-style-type: none">- Диссертацияның жазылу барысында орфографиялық қателіктер бар және мазмұнын қайта тексеріп өтіңіз;- 5.1. тармақта көрсеткендей, жұмысыңыздың жаңалығының кейбір тұсына алғаш рет деп жазуға қарағанда, ережелердің нақтылануы деген үйлесімді болады;- Кейбір кестеңізде таңдалым саны толық шықпайды, қайта тексеріңіз;- Алғаш рет тіркелген аурушандылық бойынша 2022-2023 жылдарға жасалған болжамдық көрсеткіштерің интерпретациясын толықтыру қажет; <p>Жоғарыда ұсынылған сұрақтар мен ұсыныстар диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейін төмендетпейді.</p>
--	--	--	--

Сонымен, Айтмағанбет Перизаттың 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша «Мұнай-газ өндіруші аймақ тұрғындары денсаулығы қалыптасуының медициналық-экологиялық аспектілері (Жаңажол мұнай-газ кешені мысал ретінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған, ғылыми жұмыс болып есептелінеді. Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелерінің» талаптарына сәйкес, ал автор болса 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

**С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ университеті,
АИТВ инфекциясы курсы бар эпидемиология кафедрасының
доценті, PhD**

Қолды растаймын

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
«С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина
университеті» КЕАҚ Құжаттамалық қамтамасыз
ету және бақылау бөлімінің басшысы
ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ
Руководитель отдела документационного
обеспечения и контроля
НАО «Казакский национальный медицинский
университет имени С.Д.Асфендиярова»

А.К. Изекенова